

«Тілге бойлау» бағдарламасы бойынша айлық жоспар

2025–2026 оқу жылы

Айы:

Қыркүйек

Тақырып:

Балабақша, достар, отбасы

Мақсаты:

Балаларды қазақ тілінде қарапайым қарым-қатынас жасауға, амандасу мен қоштасуға, отбасы мүшелерін атауға, нұсқауларды түсінуге және достық қатынас орнатуға үйрету.

Міндеттері:

1. Қазақ тіліндегі сәлемдесу және қоштасу сөздерін қолдануға үйрету;
2. Отбасы мүшелерінің атауларымен таныстыру;
3. Қарапайым сұрақтарға жауап беруге жаттықтыру;
4. Достық пен ынтымақтастық сезімін қалыптастыру.

Тілдік материал:

Сөздер мен сөз тіркестері:

сәлеметсіз бе, сау бол, рақмет, ата, әже, әке, ана, аға, әпке, іні, қарындас, дос.

Сұрақ үлгілері:

- Бұл кім?
- Сенің атың кім?
- Бұл – менің анам.

Іс-әрекет мазмұны:

Күтілетін нәтиже	Оқу іс-әрекеті мен ойын түрлері	Түсіндіру және әдістемелік бағыт
Қазақ тілінде амандасу, қоштасу дағдысын қалыптастырады	● Ойын «Сәлеметсіз бе!» – тәрбиеші балаларға күлімдеп амандасуды, «Сәлеметсіз бе?», «Сәлем!» сөздерін айтуға үйретеді.	Балалар шеңбер бойымен бір-біріне сәлем береді, «Сау бол!» ойынында қоштасуды үйренеді.
Отбасы мүшелерін қазақ тілінде атай алады	● Ойын «Бұл кім?» – суреттер немесе қуыршақтар арқылы отбасы мүшелерін көрсету; ● Сөздік жұмыс: ата, әже, әке, ана, аға, әпке, іні, қарындас.	Балалар сурет бойынша сұрақтарға жауап береді: «Бұл – ана», «Бұл – әке».
Қарапайым нұсқауларды орындай алады	● Қимылды ойын «Допты бер!», «Маған көрсет!», «Көршіңе бер!»	Балалар қазақ тіліндегі қарапайым нұсқауларды тыңдап, орындауға дағдыланады.
Сөздік қорын тақпақ пен сурет арқылы дамытады	● Өнер әрекеті: «Менің отбасым» сурет салу, сурет бойынша әңгімелеу; ● Тақпақ жаттау: «Атам, әжем жанымда, қуаныш көп жанымда...»	Балалар отбасын суреттеп айтып береді, жаттаған тақпағын мәнерлеп айтады.
Достық қатынасқа тәрбиеленеді	● Шағын диалогтар: «Сәлем! Қалың қалай?» – «Жақсы, рақмет!» ● Ойын «Досымды тап»	Топтағы балалар бір-біріне жылы сөз айта біледі, достық қарым-қатынас орнайды.

Қолданылатын әдіс-тәсілдер:

- Суреттермен жұмыс;
- Сұрақ-жауап, тыңдау және қайталау;
- Сюжеттік жағдаяттық ойындар.

